Бекітілді
жалғыз
құрылтайшының №1
шешімімен 07.09.2023ж

# Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы жарғысы

## І.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1.1.**Негізгі жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және қосымша жауапкершілік» заңымен, Қазақстан Республикасының «Жекеменшік кәсіпорын туралы» заңымен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңдарымен және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары алынды.
**1.2.**Серіктестіктің қатысушысы (бұдан былай мәтін бойынша қатысушы): Сыдыкова Жибек Нурмагамбетовна , 24.05.1963 жылы туылған, жеке куәлік № 042967568, МВД РК,04.07.2017жылы берілген, мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Саяжай-2,алқап-3
**1.3.**Мемлекеттік тілде атауы: Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі **«Нұр-Тілек»** қысқаша: **ЖШС «Нұр-Тілек»**.
**1.4.**Заңды мекен- жайы: 031200,Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы,Шалқар ауданы, Есет Көтібарұлы көшесі,құрылыс 21
**1.5.** Қатысушының шешімі бойынша серіктестіктің мекен- жайын ауыстыруға болады, мындай жағдайда серіктестік мекен жайының өзгергендігі туралы мемлекеттік тіркеу бөліміне хабарлайды.

## ІІ.СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

**2.1.**Әр баланың жеке тұлғасының дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау,олардың психологиялық қолайлығы мен дене дамуын нығайту, ата-аналар сұраныстарына орай олардың қабілеттерін дамыту,мектепке оқуға дайындық.

### 2.2.Серіктестіктің негізгі міндеттері:

1) Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтының құндылықтарына қатыстыру;
2) Баланың жеке тұлғасының жан- жақты дамуы,оның мүдделерін қанағаттандыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қабілеттерін дамыту;
3) Балаға қоғамды- әлеуметтік табиғи ортада жемісті іс- әрекет жасауға және өмір сүруге мүмкіншілік беретін, жеке тұлғаның әлеуметтік – рухани сапаларын қалыптастыру;
4) коммуникативтік, танымдық, ойын және басқа да белсенділіктерін ынталандыру, білім алуға қажеттілігін қалыптастыру;
5) Талапкерлік, білімпаздық өзін шығармашылық танытуға қабілетін дамыту;
6) Әр баланың эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ету, өзін қолайлы түйсінуін дамыту;

### 2.3. Негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін серіктестік мыналарға құқылы:

1) Өз қызметінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы белгіленген тәртіппен бекіткен басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады, Ақтөбе облысының білім басқармасының «Шалқар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бекітілген;
2) Балаларды білім беру мен тәрбиелеу барысында оқыту түрін және әдіс- тәсілдерін таңдауға;
3)ҚР Үкіметінің белгіленген ретімен негізгі білім беру іс- әрекеті аумағында оқыту және басқа ақылы қызмет көрсету;
4) Қосымша қаржы көздерін тартуға: заңды тұлғаларды ерікті көмектерімен мақсатты жарналарын, мекемелермен кәсіпорындардың жеке тұлғалардың материалдық құнылылықтары қосымша қаржы көздерін тартуға

### 2.4.Серіктестіктің құзіреті:

1) Өз базасын материалдық- техникалық қамтамасыз етуді іске асыру, нормативті талаптарға сәйкес құрал жабдықтармен жабдықтау;
2)Педагогикалық бірлестіктердің қызметіне көмек көрсету;

3)Қаржылық және материалдық қорларының түсімі мен тұтынуы туралы есепті тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органына ұсыну;
4) Кәсіпорын қызметі мен мақсаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтарын да іске асыру;
5) Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпке мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мекемелерінде медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

**2.5.Серіктестіктің негізгі атқару қызметі:**
1)Мектепке дейінгі балаға тәрбие беру;
2)Кәсіпорынның тәрбиеленушілер саны кәсіпорынның түріне және балалардың жастарына сай құрылады. Кәсіпорынға 2 жастан бастап қабылданады.
Мектепке дейінгі ұйым мектепке дейінгі топтарды қамтамасыз етеді.
3)Топтардағы балалар саны «Мектепке дейінгі білім беретін мекемелердің ұсталуына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлы- эпидемиологиялық талаптар»ережісіне сәйкес анықталады.Топтардың толықтырылуы мемлекеттік тапсырыс және Шалқар ауданының әкімінің қаулысына сәйкес құрылады.
Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін өзге істермен айналусы үшін серіктестіктің арнайы рұқсат немесе лицензияның болуы болу қажет.

## III.СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

**3.1.** Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқығына ие болады;
**3.2.** Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банктерде есеп шоттары, өз атаулы бланкілері болады;
**3.3.** Серіктестік өзінің қызметтік мақсаттарына жету үшін өзінің атынан шарт жасау құқығына мүліктік және жеке мүліктік құқықтармен міндеттерге ие болады, сотта жауапкер және талапкер бола алады.
**3.4** .ЖШС «Нұр-Тілек»балабақшасы шағын кәсіпкерлік ұйым болып табылады.

## IV. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

**4.1.** Серіктестіктің әрекет етуі мерзімсіз уақытқа дейін созылады. ҚР заңдылықтарында қаралған басқа да негіздер өзінің қызмет таратылуы мүмкін.
**4.2.** Негізгі жарғы тіркеуден өткен уақыттан бастап күшіне енеді.

## V.ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Оқу процесін жүзеге асырылуының тізімі:**
**5.1.** Оқыту және тәрбиелеу істері мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеуді мемлекеттік жалпы білім беру стандартының негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады және жарғы мен анықталады.

**5.2.** Серіктестік тиімді оқыту – тәрбиелеу істерін қамтамасыз ету үшін (бал тұлғасының шығармашылық рухани) және білім беру саласындағы ҚР орталық органдары бекіткен оқыту, тәрбиелеу және сауықтырудың жаңа тәсілдерін енгізу, баламалы авторлық бағдарламаларын қолдау құқығын береді.

**5.3.** Мектепке дейінгі және оқытудың жалпы білім беру бағдарламасы бірыңғай тәлім, тәрбие, білім , сауықтыру- шынықтыру шараларын қамтамасыз етеді.
-Баланың жеке тұлғасының жан- жақты дамуы, оның мүдделерін қанағаттандыру, жас ерекшелігіне қарай бағдарламамен қамтамасыз ету.

-бастауыш білім берудің алғашқы сатысын: қарапайым жазу, оқу, санау арқылы бір- бірімен тілдесуін қалыптастыру.

**Білім мекемесіне қабылдау тәртібі:**

**5.4.** Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін контингенті Серіктестіктің типтік ережелеріне сәйкес және балалардың жастарына сай құрылады.

**5.5.** Өтініштерді есепке алу, мектепке дейінгі мекемеге қабылдау үшін жолдама рәсімдеу және беру тәртәбін тиісті саласын басқару жөніндегі өкілетті органы белгілейді.

Баланы мектепке дейінгі кәсіпорынға басқару органның жолдамасы, баланың даму тарихының көшірмесі, эпидемиологиялық ортасы туралы алқаптық дәрігердің анықтамасы негізінде жүргізіледі.

**5.6.**Балабақша аумағына жататын барлық бала білім алу мекемесіне қабылдау тәртібін жергілікті басқару өкілетті органдарымен белгіленеді.

**5.7.** Типтік ережесімен және «Білім заңы» бойынша қарастырылмаған білім беру мекемесіне қабылдау тәртібі құрылтайшы немесе білім (мемлекеттік басқару органы)құрылтайшыларымен бекітіледі .

**Оқу процесінің ұйымдастыру тәртібі:**

**5.8.** Оқу- тәрбие жүйесі білім беру мекемесінде оқу бағдарламасы және оқу жоспарымен жүзеге асады .

**5.9.** Негізгі білім беру мекемесінің оқу- тәрбие жүйесі ,оқу- тәрбие жұмысының жоспарымен атқарылып, білім беру мекемесімен бекітіледі .

**5.10.** Оқу –тәрбие жұмысының жоспарлауы уақытылы және сапалы оқу жоспары және бағдарламамен қамтамассыз ету. Оқу –тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген жылдық жоспармен жүзеге асады .

**5.11.**Білім беру мекемесінің тәрбие бағдарламасы оқу жүйесінің негізгі сатысы болып табылады және тәрбиеленушілердің патриоттық сезімін, азаматтығын, ынтымақтастығын, жоғары ар –намысты рухани және жан –жақты қызығушылығын , бейімділігінің қалыптасуын бағыттайды .

**5.12.** Білім берудің тілдік саясаты Қазақстан Республикасының Коституциясына және ҚР тіл туралы заңнамасымен қарастырылады .

**5.13.** Барлық білім беру мекемесінде білім –тәрбие беруші педагогтар мемлекеттік тіл –қазақ тілі мен орыс тілі және де мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен шет тілін білуде қамтамасыз ету .

## VI.ОҚЫТУ- ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**6.1.** Оқыту- тәрбиелеу процесінің негізгі қатысушылары болып, балалар, ата- аналар, оларды ауыстырушылар, тәрбиешілер және басқа педагогтар табылады.

**6.2.** Бала құқығына «Бала құқығы туралы»БҰҰ конвенциясы, ҚР заңнамасы, ата- ана мен Серіктестік арасында жасалған келісім шарт және ҚР басқа да заңға қосымша актілер кепілдеме береді.

**6.3. Әрбір балаға берілетін кепілдік:**

- Өмір мен денсаулығын сақтау;
- Дене, моральдық және психикалық жәбірлеудің барлық түрлерінен қорғау;
- Беделін қорғау;
- Оның шығармашылық қабілеттілігі мен қызығушылығын тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес дамыту;
- Икемділігі, қабілеттілігі, ынтасы мен денсаулығына сәйкес қосымша оқыту қызметтерін алу;
- сапалы мектеп алдындағы дайындық.

**6.4.** Ата- аналар (заңды өкілдері)құқықты:

-мектепке дейінгі кәсіпорынды баланың денсаулығына, ынтасына, жеке қабілеттеріне, ерекшелігіне қарай таңдауға;

- Балаларды тәрбиелеу және оқыту проблемасы бойынша консультациялық көмек алуға;

- Мектепке дейін Серіктестіктің Жарғысымен айқындалған шамада балаларды бақылап қарау, күту, тәрбиелеу, және дамытуды талап етуге;
Мектепке дейінгі Серіктестік пен ата- ана (заңды өкіл) арасында жасалған келісім шартта қаралған:
- Педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің жұмысына қатысу;
- Балаларды күтудің жағдайларын жақсарту үшін Серіктестіктің тұрмысына араласу;
- серіктестікпен ата- ана (заңды өкіл) арасында жасалған келісім шарттың сөзсіз орындалуын талап ету;
- Ата- аналар шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- Серіктестіктің жарғысымен және тәрбие- білім беру процесін реттеуді басқа да құжаттармен теңдеу;
- Серіктестіктен баланы шығару туралы шешімге жазбаша хабарлама алған сәттен бастап шағымдану.

**6.5. Ата – аналар (заңды өкілдері) жауапты болуға міндетті:**
-Балалардың серіктестікке қатысуын қаматамасыз етуге;
- Серіктестіктің Жарғысын орындауға;
- Өткізілетін ата- аналар жиналыстарына қатысуға;
- Ата- аналармен серіктестік арасында жасалған келісім шарт шарттарының орындалуына;
-Баланың тамақтануына арналған қаржыларды дер кезінде төлеуге;
- Баланың науқастығы немесе оның болмауы жөніндегі Серіктестікке дер кезінде хабарлау;
- Баланы тәрбиелеу, оқыту және дамытуға ықпал ету.

**6.6.**Балалармен педагогикалық жұмысты жоғары, орта кәсіби және педагогикалық білімі бар мамандар жүзеге асырады.

**6.7.**Педагогикалық қызметке сот үкімімен немесе медициналық көрсеткіштерге сәйкес, осы қызмет құқығынан айырылғандар, сондай- ақ белгілі бір қылмысы үшін сотталғандығы бар адамдар жіберілмейді.

**6.8.**Серіктксітіктің тәрбиешісі және басқа педагогтар Серіктестіктің оқу- тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілер өмірі мен денсаулығын қорғауға дербес жауап береді.

**6.9.Кәсіпорынның тәрбиешісі және басқа педагогтар міндетті:**
- Балалар өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге, олардың бойына салауатты өмір салтын сіңіруге;
- Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың қаралған мемлекетке жалпы білім беру стандарттарына сәйкес деңгейден төмен емес дамуын қамтамаасыз ету;
- Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
- Тәрбиеленушілердің намысын құрметтеу;
- Медициналық бақылаудан дер кезінде өту;
- Тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылықтарын анықтап, дамыту;
- Салауатты өмір салтын жүргізу;
- Өзінің кәсіби деңгейін арттыру.

**6.10.Мекеменің тәрбиешілерінің және басқа педагогтардың құқығы бар:**
- Тиісті кәсіби білімі болса, педагогикалық қызметпен шұғылдануға;
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау жағдайлары кезінде ұйымдастыру мен қызмет тәсілдерін, түрлерін еркін таңдауға;
- Педагогикалық кеңес жұмысына қатысу;
- Санат алу , қызметтік өсу мақсатында бұрын аттестациядан өтуге;
- Өз кәсіби ар –намысын , сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен кепілдендірумен басқа да құқықтарын қорғауға.

## VII .АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

**7.1.**-Жеке білім беру мекемелері ақылы қызмет көрсету, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай, құрылтайшының қызметі және де басқа , заңға қайшы келмейтін өзін –өзі қаржыландыратын табыс көзін пайдаланады.

## VIII. ОҚУ- ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАТЫСУШЫЛАР, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**8.1.** Кәсіпорын мен тәрбиеленушілер олардың ата –аналары (оларды заңды алмастырушылар) арасындағы ақылы және ақысыз қызмет көрсету, қатынастарды реттеу және рәсімдеу келісім –шартта көрсетіледі .Серіктестіктің өкілетті органымен бекітіліп, келісім –шартта белгіленген ретімен жасалады .

**8.2.** Баланың төлем ақысы мемлекеттік мүліктік басқару өкілетті органымен бекітіледі және келісім –шартқа енгізіледі.

**8.3.Баланың орны мынадай жағдайларда сақталады :**

- баланың сырқаттану жағдайында 3 күннен-30 күнтізбелік аралығында сақталады
-санаториялық –курорттық, медициналық және т.б. мекемелерде емдеу және сауықтыру кезінде
- ата –анасының біреуіне еңбек демалысы берілгенде
-жазғы мезгілде баланы сауықтыру , 2-айға дейін.

**8.4. Мектепке дейінгі ұйымнан баланың шығарылуы басқару органы мен серіктестіктің және жалғыз құрылтайшысының келісімімен мынандай жағдайларда жүзеге асады :**

- Баланың төлемақысын уақытылы төлемеу( 7күннен артық);
- Әкімшілікке ескертпей , баланың себепсіз келмеуі;
-Кәсіпорында болуына кедергі болатын медициналық қорытынды бойынша және де осы мекеменің басқару органының шешімі бойынша.

**8.5.** Серіктестіктің жұмыс тәртібін педагогикалық қызметкерлерге арналған нормативтік оқу жүктемесін негізге ала отырып, бес күндік жұмыс күні және сенбі, жексенбі және мереке күндерін демалыс күндері деп серіктестік бекітеді.

**8.6.** Кәсіпорынның жұмыс тәртібі келісім шартта анықталады.

**8.7.** Тәрбиеленушілердің білім деңгейін бағалау келесі негіздер бойынша жүзеге асырылады:
-жас шамасына сәйкес балалардың білім, дағды, іскерлік деңгейлері;
- баланың мектепке дайындығы;
- Серіктестіктің аттестациялау кезінде;
- ҚР заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да бақылау түрлері;
- тәрбиеленушілердің оқу жүктемелері, ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің ұзақтық тәртібі ҚР мемлекеттік жалпы білім беру стандартымен анықталады.

**8.8.** Серіктестік ҚР «Білім туралы»Заңының 59 бабына сәйкес бес жылда бір рет аттестациядан өтеді.

Аттестация өткізу кезінде:
-Серіктестіктің мемлекеттік, жалпы білім беру стандарттарын орындауы;
- Серіктестіктің білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын сақтауы;
- Серіктестік өз қызметінде білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауы қаралады;
- Серіктестікте білім беру қызметін жүргізу құқығы оған лицензия берген сәттен бастап туындайды.

## IX БӨЛІМ.СЕРІКТЕСТІКТІҢ КІРІСІН БӨЛУ, МҮЛКІ, ҚАРЖЫ- ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.

**Серіктестіктің мүлкі**

**9.1** Серіктестіктің мүлкі құрылтайшы салымынан, Серіктестік алған кірістер және заңнан тыйым салынбаған көздерден кірістер есебінен құрылады.

## X.СЕРІКТЕСТІКТІҢ КІРІСТЕРІН БӨЛУ ТӘРТІБІ

**10.1** Салықтан шегерілгеннен басқа да міндетті есеп айыру төлемдерінен басқа кірістер, Серіктестіктің кіріс капиталын құрылтайшы арқылы бөлінеді.

## XI.СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАРЖЫ- ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ

**11.1**Серіктестіктің жылдық қаржысы жылдық күнтізбеге сәйкес келеді.

**11.2**Бухгалтерлік есеп және ағымдағы бухгалтерлік қызметтер ,қаржылық қорытынды есеп жүргізу , қаржылық және статистикалық есеп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі .
**11.3**Бухгалтерлік есептеулер,қаржылық және өзге де құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген уақытқа дейін сақталады .
**11.4**Салық төлемдері және басқа да міндетті есеп айыру қызметін серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі

## XII СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫ

**Жарғы капиталы**
**12.1** ЖШС –нің мүліктік есебінен серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің жарғылық капиталы **30000(отыз мың)** теңгені құрайды.
**12.2** Серіктестіктің жарғылық капиталының салымы ақшалар, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және өзге де мүліктер бола алады.
**12.3** Жеке мүліктік құқықтар және өзге де материалдық емес құндылықтар салым салуға рұқсат етілмейді.
**12.4** Құрылтайшы Серіктестікті тіркеуге дейін Жарғылық капиталының барлық құнынан 25-% және де жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем емес, енгізуге міндетті.

## XIII. БАСҚАРУ ОРГАНЫ

**Жоғарғы орган**
**13.1.**Серіктестікті басқарудың жоғарғы органы құрылтайшы болып табылады.Жалпы жиналысқа қатысушылардың құзіреттілігіне қатысты шешімдерді жалғыз құрылтайшы өзі қабылдайды және жазба түрде тіркейді. Құрылтайшының құзіреттілігін серіктестіктің өкілі сенімхат арқылы әрекет етеді .Құрылтайшы серіктестіктің өкілін кез –келген уақытта ауыстыра алады .
**13.2. Серіктестік қатысушының айрықша құзыреті:**
- Серіктестік жарғысын өзгерту, соның ішінде жарғы капиталының көлемінің өзгеруі қоса алғандағы, тұрған жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе серіктестік жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
- Серіктестіктің атқарушы органдарын құру және оның өкілетін тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе мүлікті оралымды басқаруға беру немесе атауын,серіктестіктің жарғысын жаңа түрін бекіту.
- Серіктестіктің құрылтайшысы қатысушыларға уақытылы және белгіленген тәртіп бс жарғысында бекітілген жауапты органының құзіреттілгіне қатысты , құжаттардан басқа , Серіктестіктің ішкі қызметтерін реттейтін ережелер мен құжаттарды бекіту;
- қосымша бөлімдерді ашуға шешеім қабылдау ;
-қатысушылар құрамын көбеюіне шешім қабылдау;
- Серіктестіктің жылдық қаржылық есептерін бекіту және таза кірістерді бөлу;
- Серіктестіктің басқа да шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық ұйымдарға қаС
тарату және қайта құру туралы шешім;
- тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
- барлық мүлікті кепілдікке беру туралы шешім;
- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес серіктестіктің мүлкіне қосымша жарнамалар салу.

**Серіктестіктің атқарушы органы**
**13.3.** Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық жасаушы, серіктестіктің атқарушы орган болып директор табылады.Құрылтайшы директорды бекіткеннен кейін , қызметкерлер арасындағы қарым –қатынас Еңбек кодексімен реттеледі .
**13.4.** Серіктестіктің директоры жалғыз құрылтайшының құзіреттілігіне қатысты емес, барлық сұрақтарға құзіретті:
- Серіктестікті басқару ҚР заңнамасына, ҚР мектепке дейін мекемелер қызметтерінің Үлгілік ережелері мен Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады;
- ағымдағы және жоспарланған жұмыс бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етеді.
-құрылтайшының шешімінің орындалуын ұйымдастырады ;

-Серіктестік өз шаруашылық қызметі нәтижесіндегі қаржылар есебінен сатып алынған , өзіне бекітіп берілген мүлікке иелік етуге құқылы;
-келісім шарт жасайды , оның ішінде еңбек шарты;
-банк есепшоттарын ашады ,басқа да келісімдер жасайды ;
-тарифтік қызметке және балаларды тамақтандырудың теңгермесін өздігінен бекітеді ;
-Серіктестіктің директоры басқа да мекемелермен, соның ішінде мемлекеттік орган, сот, Серіктестіктің атқару қызметі бойынша Нағыз Жарғымен анықталған және құрылтайшының атынан қызмет етеді;
- Өз құзіреттілігіне сай басқа да қызмет атқара алады.

**13.5** Серіктестіктің директорының жауапкершілігі:
- Сенімхатсыз серіктестік атынан әрекет етеді;
- Серіктестіктің өкілі болуға құқық беретін сенімхат береді;
- қызметкерлерге қатысты оларды қызметке тағайындауға және босатуға бұйрық шығарады. Еңбек төлемдерінің жүйесін, қосымша ақы белгілейді, сыйақы беру мәселесін шешеді.тәртіптік шаралар қолданады;
- қатысушы немесе байқау органдарының құзыретіне жатпайтын өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады;
-серіктестіктің құрылтайшысына директор өз атқаратын қызметі жайлы толық ақпарат беруге міндетті.

## XIV.ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС

**14.1.** Серіктестіктің құрылтайшысына және сатып алушыға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат берудің тәртібі мен уақыты **;**

**14.2.** Құрылтайшының және сатып алушының сұранысы бойынша серіктестік міндетті түрде құжаттардың көшірмесін ,серіктестіктің атқару қызметі туралы , соның ішінде құжаттар, лицензия, рұқсат етулер, бухгалтерлік және т.б. құжаттардың көшірмесін беруге тиісті **.**

**14.3.** Серіктестіктің құрылтайшысы ақпарат алу үшін серіктестіктің атқару органына жазба түрде сұраныс береді**.**Серіктестіктің құрылтайшысының сұранысы кіріс журналына тіркеледі. Серіктестік құрылтайшының сұранысын 15 (он бес) күнтізбелік күн аралығында ақпарат(құжаттаржың көшірмесін) беруге тиісті .

**14.4. Серіктестіктің қарыздарына қатысты Құрылтайшының жауапкершілігі**

**14.5.** Серіктестіктің құрылтайшысы оның міндеті бойынша жауап береді және серіктестіктің қызметімен байланысты құрылтайшының серіктестік жарғы капиталына салған салым бөлігі шегінде жауапты.

**14.6.** Серіктестіктің жарғы капиталына құрылтайшы толық салым салмаған жағдайда, серіктестіктің міндеттері бойынша мүліктік жауапкершілік Жарғылық капиталының төленбеген бөлігін атқарады.

**14.7.Құрылтайшы міндетті:**
- Серіктестіктің ісін басқаруға осы жарғымен және серіктестіктің басқару органының шешімі және тапсырмасы бойынша айқындалған тәртіпте қатысуға ;
- Серіктестіктің жарғы капиталына өз тәртібімен , өлшемде, уақытылы Құрылтайшының құжаттарымен қарастырылған сәйкес салым еңгізу;
-Серіктестіктің қызметіне қатысты сұрақтарға тұрақтылықты сақтау;
-Серіктіктің мүлкін сақтау;
-Серіктестікке және басқа да қатысушыларға қатысты міндеттерді атқару;
- Атқару органына жазба түрде, және де реестр еңгізген жағдайда Серіктестіктің қатысушыларының тізімінің немесе атауын, тұрғылықты жерінің , банкінің реквизит номері және жеке куәлігінің өзгертілуін тіркеу бөліміне ескерту ;
- Серіктестікке қатысты өзіне алған міндеттерді атқару;
- Серіктестікке өз қызметін атқаруға көмек көрсету;
- Серіктестік қатысушысы қолданып жүрген зандарға сәйкес басқа да міндеттерге ие болады.

**14.8. Серіктестік қатысушының құқықтары:**
- Серіктестік ісін басқаруға осы Жарғымен айқындалған тәртіпте қатысуға;
- Мүлік бөлігінің құнын немесе заттай алуға,қосымша кіріс алуға;
- Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік құжаттармен танысуға;

- Серіктестік тараған кезде кредиторлармен есеп айрысқаннан кейін мүлік бөлігінің құнын немесе заттай алуға;
- Серіктестікке қатысуын тоқтаған кезде өзіне қатысты үлесті ала алады;
- Серіктестік органының шешімін, құқық бұзған жағдайда, заң және серіктестіктің жарғысына сүйеніп сот арқылы анықтайды;
- Серіктестік қатысушының заң бойынша қарастырылған басқа да құқықтармен пайдалануға құқылы.

## XV. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, ТАЗА КІРІС

**15.1. Есептік жыл:** Есептік шаруашылық жыл 1- ші қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін жүргізіледі.
**15.2. Қаржылық есеп:** Қолданыстағы заңдарға сәйкес, бухгалтер қаржылық есеп жүргізеді. Есептік жыл біткеннен кейін бухгалтер жылдық есеп ,баланс, таза кірістің есебін беріп, құрылтайшыға бекітеді.
**15.3.** Серіктестік банкіні қосымша есеп-шот пен валютаны өз қалауынша таңдайды
**Таза кіріс**
**15.4.** Серіктестіктің таза кірісі коммерциялық-шаруашылық қызметінен, еңбекақының төлемі , ғимараттың күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары және басқа құндылықтардың шығынынан кейін анықталады.Серіктестіктің кірісі балансының салық, несие өсімімен және басқа да заңдармен қарастырылған төлемақылар Серіктестіктің баланс құнылықтарының кірісінен төленеді. Есеп айырбастағаннан кейін қалған таза кіріс толық Серіктестіктің пайдалануында.

## XVI. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

**Еңбек және төлемақы**
**16.1.** Серіктестіктегі қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен тәртіппен белгіленеді.
**16.2** . Серіктестік дербес еңбек төлемдерінің нысандары мен жүйелерін айқындайды, еңбек шарттарының тарифтік жүктемелері мен жалақылар мөлшерін қарайды,оның ішінде квалификациясы мен санаты бар жұмысшыларға мемлекеттік тарифтермен ең төмен еңбекақы , және де сыйақы, қосымша ақша т.б. материалдық көмек қарасырылады.
**Қызметкерлер**
**16.3.** Серіктестік пен қызметкерлер арасында ең маңызды құжат еңбек шарты болып табылады. Еңбек шартында еңбек және басқа да жағдайлар заңға қайшы келмейтін барлық жағдайлар қарастырылған.
**16.4.** Серіктестіктің Қызмет атқарушысы мектепке дейінгі ұйымның Директоры және Меңгерушісі болып есептеледі. Қызмет атқарушыны тағайындау және өз қызметінен босатуы Негізгі Жарғымен белгіленеді.

## XVII. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҚҰРУ,ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ

**17.1.** Серіктестікті қайта құру (қайта құрылуы, бірігуі қосылуы, бөліну, бөлініп шығуы) қатысушының шешімімен ерекше түрде жүзеге асырыла алады. Өз үлесін алу, Серіктестіктің құрамының өзгерілуі оның қайтадан құрылынуына себепші болмайды. Серіктестіктің бөлінуі мен бір немесе бірнеше серіктестіктің құрамынан шығуы, жауапкершілігі шектеулі Серіктестіктің қайта құрылуы мемлекеттік өкілетті органмен немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асады.
**17.2** Серіктестік қатысушы қайта құру, бірігу, қосылу, бөлу, бөлініп шығу туралы шешім қабылдағаннан кейін өзінің қайта құрылуы туралы хабарламаны несие берулілерге арнайы баспаларға беруі қажет.

**17.3** .Серіктестік өзге шаруашылық серіктестігіне немесе өндірістік кооперативтерге қайта құрылуы мүмкін. Мұндай жағдайда қабылдау актісі бойынша барлық құқықтар мен міндеттер қайта құрылған серіктестікке өтеді.

**17.4. Серіктестікті тарату:**Жекеменшіктің заңды тұлғасы немесе басқарушы жеке тұлғаны тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін жазбаша түрде тіркеу жасайтын Әділет басқармасына, заңды тұлғаға, жергілікті салық басқармасына хабарлайды.

**17.5.** Тарату туралы жекеменшіктің заңды тұлғаның немесе шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын тағайындайды және Негізгі Кодекске сүйеніп тарату мерзімін және тәртібін белгілейді.

**17.6.** Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған серіктестікті басқару өкілеттігі өтеді.

Тарату комиссиясы сотта жеке тұлғаның атынан катысады.

**17.7.** Тарату комиссиясы заңды тұлға туралы хабарлайды және де кредиторлармен берілетін шағымдардың мерзімі өкілетті органның баспаларына береді. Шағымдардың мерзімі 2 ай шамасында беріледі. Тарату комиссиясы кредиторларды анықтауды және қарыздарын қайтаруына шара қолданады. Есептесу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы кредиторлармен тарату балансысын құрайды, заңды тұлға және басқарушы, заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған кейін, мүліктің иесі болып табылады. Кредиторлар сұранысы қанағаттанған кейін қалған мүлікті құрылтайшының құжаттары бойынша басқа да сұраныстарға каралады.Заңды тұлға ,өз қызметін аяқтағаны туралы мемлекеттік тіркеуге кіргізгеннен кейін, таратылған болып есептеледі.

**17.8. Серіктестікті қайта құру:** Серіктестік мына жағдайларда қайта құрылады:

- Жарғы капиталының азаюы;
- Атауының өзгеруі;
- Серіктестіктің қатысушыларының өзгеруі.
- Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында бөлім және атқарушылар құруға құқықты.

ЖШС «Нұр-Тілек» құрылтайшысы: Ж. С.Нурмагамбетовна

Номерленіп тіігілді
10 бет(он)бет
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Нұр-Тілек»балабакша
Құрылтайшысы : Ж.С.Нурмаганбетовна